

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында қадағалап отыруға жататын тауарлар және осындай тауарлардың айналымына байланысты операциялар туралы мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін іске асыру қағидаларын бекіту туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 22 ақпандағы № 29 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың № 3 қосымшасы) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 желтоқсандағы № 169 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында қадағалап отыруға жататын тауарлар және осындай тауарлардың айналымына байланысты операциялар туралы мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін іске асыру қағидалары бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының төрағасы*

М. Мясникович

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2022 жылғы 22 ақпандағы
№ 29 шешімімен
БЕКІТІЛДІ

**"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында қадағалап отыруға жататын тауарлар және осындай тауарлардың айналымына байланысты операциялар туралы мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін іске асыру
ҚАҒИДАЛАРЫ**

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мынадай халықаралық шарттарға және актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

2019 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген тауарларды қадағалап отыру тетігі туралы келісім (бұдан әрі – Келісім);

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процесті сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асырған кездегі ақпараттық өзара іс-қимылды реттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестер тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жалпы процестерді іске асыру тәртібін бекіту туралы" 2016 жылғы 19 желтоқсандағы № 169 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Ілеспе құжатты бірегей сәйкестендіруге қойылатын талаптар туралы" 2021 жылғы 29 маусымдағы № 83 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "2019 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген тауарларды қадағалап отыру тетігі туралы келісімді іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдары және (немесе) ұйымдары мен Еуразиялық экономикалық комиссияның өзара іс-қимыл жасау тәртібін бекіту туралы" 2021 жылғы 29 маусымдағы № 72 шешімі.

2. Осы Қағидалар "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында қадағалап отыруға жататын тауарлар және осындай тауарлардың айналымына байланысты операциялар туралы мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін (бұдан әрі - жалпы процесс) іске асыруды ұйымдастырушылық – техникалық қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды технологиялық жобалау мен жоспарлауды орындау үшін негіз болып табылады..

3. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"уәкілетті орган" – Одаққа мүше мемлекеттің ұлттық қадағалап отыру жүйесіне енгізілетін мәліметтерді жинауды, есепке алуды, сақтауды және өндеуді және (немесе) қадағалап отыру тетігін іске асыруды қамтамасыз етуге уәкілеттік берілген мемлекеттік билік органы не ұйымы;

"мәліметтер сұрататын уәкілетті орган" - қадағалап отыруға жататын тауарлар аумағына өткізілген Одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органы;

"мәліметтер алатын уәкілетті орган" аумағына қадағалап отыруға жататын тауарлар өткізілетін Одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органы немесе аумағы арқылы

қадағалап отыруға жататын тауарлар тасымалдауды жүзеге асыру көзделетін Одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органы немесе қадағалап отыруға жататын тауарлар және осындай тауарлардың айналымына байланысты, егер осы аумағынан қадағалап отыруға жататын тауарлар өткізілетін Одаққа мүше мемлекеттің заңнамасында көзделсе, Одаққа мүше түрлі мемлекеттердің тұлалары арасында жасалатын операциялар туралы мәліметтер алатын Одаққа мүше өзге мемлекеттің уәкілетті органы;

"мәліметтер ұсынатын уәкілетті орган" - аумағынан қадағалап отыруға жататын тауарлар өткізілетін (өткізілген) Одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органы.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "қадағалап отыру тетігі", "ұлттық қадағалап отыру жүйесі", "қадағалап отыру", "ілеспе құжат", "қадағалап отыруға жататын тауарлар" ұғымдары Келісімде айқындалған мағыналарда қолданылады.

II. Жалпы процесті іске асырудың мақсаты мен міндеттері

4. Жалпы процесті іске асырудың мақсаты Келісімнің ережелеріне, сондай-ақ Келісімді іске асыру кезінде уәкілетті органдар арасындағы, уәкілетті органдар мен Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл мәселелеріне қатысты Одақ органдарының актілеріне сәйкес қадағалап отыру тетігінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету болып табылады.

5. Жалпы процесті іске асыру шеңберінде мынадай міндеттерді шешу қажет:

1) уәкілетті органдар арасында қадағалап отыруға жататын тауарлар және осындай тауарлардың айналымына байланысты Одаққа мүше әртүрлі мемлекеттердің тұлғалары арасында жасалатын операциялар туралы мәліметтерді (бұдан әрі тиісінше – тауарлар және олармен байланысты операциялар туралы мәліметтер, мүше мемлекеттер) өзара ақпарат алмасуды қамтамасыз ету;

2) уәкілетті органдар арасында бір мүше мемлекеттің аумағынан екінші мүше мемлекеттің аумағына қадағалап отыруға жататын тауарларды өткізудің алдындағы операциялар туралы мәліметтермен (бұдан әрі-алдыңғы операциялар туралы мәліметтер) өзара ақпарат алмасуды қамтамасыз ету;

3) Келісімнің орындалуына бақылауды және мониторингті жүзеге асыру мақсатында Комиссияның сұрау салу бойынша уәкілетті органдардан көрсетілген мәліметтерді алуын қамтамасыз ету.

6. Осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген міндеттерді шешу жалпы процесті іске асыру кезінде кезең-кезеңімен жүзеге асырылуы тиіс.

7. Жалпы процесті іске асырудың бірінші кезеңінде, оның ішінде Келісімнің 14-бабында көзделген пилоттық жоба шеңберінде осы Қағидалардың 5-тармағының 1-тармақшасында көрсетілген міндетті шешу қамтамасыз етілуі тиіс.

8. Келесі кезеңдерде Одақ құқығында уәкілетті органдар арасында алдыңғы операциялар туралы мәліметтермен, сондай-ақ уәкілетті органдар мен Комиссия арасында электрондық ақпарат алмасу тәртібін реттейтін нормалардың белгіленуіне

қарай Келісімнің орындалуын бақылау мен мониторингілеуді жүзеге асыру мақсатында осы Қағидалардың 5-тармағының 2 және 3-тармақшаларында көрсетілген міндеттердің шешілуі қамтамасыз етілуге тиіс.

III. Ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар

9. Жалпы процесті іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс –қимылға (бұдан әрі-ақпараттық өзара іс-қимыл) қатысушылар мыналар болып табылады:

- 1) мәліметтер ұсынатын уәкілетті орган;
- 2) мәліметтеі алатын уәкілетті орган;
- 3) мәліметтер сұрататын уәкілетті орган;
- 4) Комиссия.

10. Ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру шеңберінде мәліметтерд ұсынатын уәкілетті орган мынадай функцияларды орындайды:

1) ұлттық қадағалап отыру жүйесінен мынадай мәліметтерді қалыптастыру және оларды мәліметтер алатын уәкілетті органдарға ұсыну:

тауарлар және олармен байланысты операциялар туралы ұлттық қадағалап отыру жүйесіне жаңадан енгізілетін мәліметтер;

мәліметтер алатын уәкілетті органдарға бұрын жіберілген тауарлар және олармен байланысты операциялар туралы түзетілген мәліметтер;

мәліметтер алатын уәкілетті органдарға бұрын жіберілген тауарлар және олармен байланысты операциялар туралы түзетілген мәліметтер, сондай-ақ бұрын жіберілген мәліметтердің күшін жою туралы ақпарат;

мәліметтер алатын уәкілетті органдарға тауарлар және олармен байланысты операциялар туралы бұрын жіберілген мәліметтерді кері қайтарып алу туралы ақпарат;

2) мәліметтер сұрататын уәкілетті органнан алдыңғы операциялар туралы мәліметтерді алу және сұрау салуды өңдеу;

3) алдыңғы операциялар туралы мәліметтерге не ұлттық қадағалап отыру жүйесінде сұратылатын мәліметтердің жоқ екендігі туралы ақпаратқа сұрау салуға жауап ретінде ұлттық қадағалап отыру жүйесінен мәліметтерді қалыптастыру және мәліметтер сұрататын уәкілетті органға ұсыну;

4) Келісімнің орындалуын бақылауды жүзеге асыру мақсатында Комиссия қалыптастыратын және жіберетін ұлттық қадағалап отыру жүйесінен мәліметтер ұсыну үшін сұрау салуды (бұдан әрі – Келісімнің орындалуын бақылау мақсатында мәліметтерге сұрау салу) алу және өңдеу;

5) Келісімнің орындалуын бақылау мақсатында мәліметтерге сұрау салуға жауап ретінде ұлттық қадағалап отыру жүйесінен мәліметтерді не ұлттық қадағалап отыру жүйесінде сұратылып отырған мәліметтердің жоқ екендігі туралы ақпаратты қалыптастыру және Комиссияға ұсыну.

11. Ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру шеңберінде мәліметтер алатын уәкілетті орган мынадай функцияларды орындайды:

1) мәліметтер ұсынатын уәкілетті органнан мынадай мәліметтерді алу:
тауарлар және олармен байланысты операциялар туралы мәліметтер;
тауарлар және олармен байланысты операциялар туралы түзетілген мәліметтер;
тауарлар және олармен байланысты операциялар туралы түзетілген мәліметтер,
сондай-ақ бұрын жіберілген мәліметтердің күшін жою туралы ақпарат;
тауарлар және олармен байланысты операциялар туралы бұрын жіберілген мәліметтерді кері қайтарып алу туралы ақпарат;

2) осы тармақтың 1-тармақшасында көрсетілген мәліметтерді өңдеу және ұлттық қадағалап отыру жүйесіне енгізу.

12. Ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру шеңберінде мәліметтер сұратушы уәкілетті орган мынадай функцияларды орындайды:

1) алдыңғы операциялар туралы мәліметтерге сұрау салуды қалыптастыру және мәліметтер ұсынатын уәкілетті органға жіберу;

2) ұлттық қадағалап отыру жүйесінен алдыңғы операциялар туралы мәліметтерді не сұралып отырған мәліметтердің жоқ екендігі туралы ақпаратты сұрау салуға жауап ретінде алу және оларды өңдеу.

13. Ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру шеңберінде Комиссия мынадай функцияларды орындайды:

1) Келісімнің орындалуын бақылау мақсатында мәліметтерге сұрау салуды қалыптастыру және мәліметтер ұсынатын уәкілетті органға жіберу;

2) Келісімнің орындалуын бақылау мақсатында ұлттық қадағалап отыру жүйесінен мәліметтерді не ұлттық қадағалап отыру жүйесінде сұратылып отырған мәліметтердің жоқ екендігі туралы ақпаратты сұрау салуға жауап ретінде алу және өңдеу.

14. Ақпараттық өзара іс-қимыл № 1 қосымшаға сәйкес функционалдық схемаға сәйкес жүзеге асырылады.

IV. Ақпараттық ресурстар мен сервистер

15. Ұлттық қадағалап отыру жүйесі шеңберінде уәкілетті органдар Келісімнің 4, 5, 8 және 10-баптарында, сондай-ақ осы Қағидаларда белгіленген осындай мәліметтерге қойылатын талаптарды ескере отырып, тауарлар және олармен байланысты операциялар туралы мәліметтерді қамтитын ақпараттық ресурстарды қалыптастыруды және жүргізуді қамтамасыз етеді.

16. Ұлттық қадағалап отыру жүйелерін құру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету Одақ органдарының актілерінде, сондай-ақ осы Қағидаларда белгіленген ақпараттық өзара іс-қимылға қойылатын талаптарды ескере отырып, Келісімге сәйкес жүзеге асырылады.

17. Қадағалап отыруға жататын тауарлар айналымын жүзеге асыратын тұлғалардың Келісімнің 7-бабының 1-тармағында айқындалған міндеттерді орындауы мақсатында уәкілетті органдар өз мүше мемлекетінің заңнамасына сәйкес электрондық сервистердің мынадай түрлерін құруды және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етеді:

1) ілеспе құжаттарды электрондық құжаттар түрінде ресімдеуге арналған сервистер;
2) ұлттық қадағалап отыру жүйесіне енгізілуге жататын ілеспе құжаттардан мәліметтерді, оның ішінде түзетілген мәліметтерді, сондай-ақ ілеспе құжаттардан бұрын ұсынылған мәліметтерді кері қайтарып алу туралы ақпаратты ұсынуға арналған сервистер.

18. Жалпы процесті іске асыру мақсатында уәкілетті органдар электрондық сервистердің мынадай түрлерін құруды және қолдануды қамтамасыз етеді:

1) ұлттық қадағалап отыру отыру жүйесінен тауарлар және олармен байланысты операциялар туралы мәліметтерді, оның ішінде түзетілген мәліметтерді, сондай-ақ тауарлар және олармен байланысты операциялар туралы бұрын жіберілген мәліметтерді кері қайтарып алу туралы ақпаратты қалыптастыру және ұсыну;

2) басқа мүше мемлекеттің ұлттық қадағалап отыру жүйесінен тауарлар және олармен байланысты операциялар туралы мәліметтерді, оның ішінде түзетілген мәліметтерді, сондай-ақ тауарлар және олармен байланысты операциялар туралы бұрын жіберілген мәліметтерді кері қайтарып алу туралы ақпаратты алу және өңдеу;

3) алдыңғы операциялар туралы мәліметтерге сұрау салуды қалыптастыру және жіберу, сондай-ақ көрсетілген сұрау салуға жауап ретінде келіп түсетін мәліметтерді немесе ақпаратты алу және өңдеу;

4) алдыңғы операциялар туралы мәліметтерге сұрау салуды алу және өңдеу, көрсетілген сұрау салуға жауап ретінде мәліметтерді немесе ақпаратты қалыптастыру және жіберу;

5) Келісімнің орындалуын бақылау мақсатында мәліметтерге сұрау салуды алу және өңдеу, көрсетілген сұрау салуға жауап ретінде мәліметтер мен ақпаратты қалыптастыру және жіберу.

19. Жалпы процесті іске асыру мақсатында Комиссия Келісімнің орындалуын бақылау мақсатында мәліметтерге сұрау салуды қалыптастыру және жіберу үшін электрондық сервистерді қолдануды, сондай-ақ көрсетілген сұрау салуға жауап ретінде келіп түсетін мәліметтерді немесе ақпаратты алуды және өңдеуді қамтамасыз етеді.

V. Ақпараттық өзара іс-қимылдың ерекшеліктері

20. Ақпараттық өзара іс-қимыл Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – интеграцияланған жүйе) құралдары пайдаланыла отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

21. Жалпы процесті іске асыру кезінде уәкілетті органдар арасында, сондай-ақ уәкілетті органдар мен Комиссия арасында берілетін мәліметтердің құрамына,

құрылымына және форматына қойылатын талаптар (бұдан әрі - мәліметтер құрамына қойылатын талаптар) № 2 қосымшада көрсетілген.

22. Ақпараттық өзара іс-қимыл кезінде пайдаланылатын электрондық хабарлардың құрамына, олардағы электрондық құжаттардың және (немесе) мәліметтердің құрылымына қойылатын талаптар осы Қағидаларға № 2 қосымшада көрсетілген мәліметтер құрамына қойылатын талаптарға сәйкес интеграцияланған жүйе құралдарымен жалпы процесті іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттарда (бұдан әрі-технологиялық құжаттар) белгіленеді.

23. Ақпараттық өзара іс-қимыл технологиялық құжаттарда айқындалатын регламентке сәйкес жүзеге асырылады.

VI. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаттары

24. Ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру кезінде электрондық цифрлық қолтаңбаны (электрондық қолтаңбаны) пайдалану тәртібі Одақ органдарының актілеріне сәйкес айқындалады.

25. Жалпы процесті іске асыру кезінде электрондық құжаттарды және (немесе) құжаттардан мәліметтерді электрондық түрде беру кезіндегі қауіпсіздік:

1) интеграцияланған жүйенің ақпараттық қауіпсіздігінің кіші жүйесі құралдарымен Одақ құқығына сәйкес интеграцияланған жүйенің интеграциялық платформасы шеңберінде;

2) мүше мемлекеттің аумағында қолданыстағы заңнамаға және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі техникалық талаптарға сәйкес мүше мемлекеттің ақпараттық кеңістігі қамтамасыз етілуге тиіс.

VII. Жалпы процесті іске асыруға бағытталған іс-шаралар

26. Ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру үшін Комиссия мыналарды қамтамасыз етеді:

1) технологиялық құжаттарды әзірлеу және оларды бекіту;

2) Одақ деректерінің моделі негізінде ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде пайдаланылатын электрондық құжаттардың (мәліметтердің) біріздендірілген құрылымдарын әзірлеу және оларды бекіту;

3) технологиялық құжаттардың талаптарына сәйкес Комиссияның ақпараттық жүйелерін (кіші жүйелерін) пысықтау (баптау);

4) Одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының бірыңғай жүйесі шеңберінде қадағалап отыруға жататын тауарлар тізбесін, сондай-ақ қажет болған кезде ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру кезінде пайдаланылатын басқа да анықтамалықтар мен сыныптауыштарды электрондық түрде қалыптастыру және жүргізу.


27. Уәкілетті органдар технологиялық құжаттар мен интеграцияланған жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз ету кезінде қолданылатын құжаттар талаптарының орындалуын қамтамасыз ету үшін ұлттық қадағалап отыру жүйелерін әзірлеуді (жаңғыртуды) және егер мұндай қосу бұрын қамтамасыз етілмеген болса, интеграцияланған жүйенің ұлттық сегменттеріне қосуды қамтамасыз етеді.

28. Уәкілетті органдар Комиссияны үйлестіру кезінде жалпы процесті қолданысқа енгізу рәсімінің орындалуын, оның ішінде ақпараттық өзара іс-қимылге тестілеу жүргізуді қамтамасыз етеді.

29. Осы Қағидаларға сәйкес жалпы процесті іске асыруға бағытталған іс-шараларды үйлестіруді Комиссия жүзеге асырады.

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында қадағалап отыруға жататын тауарлар және осындай тауарлардың айналымына байланысты операциялар туралы мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін іске асыру қағидаларына
1-ҚОСЫМША

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында қадағалап отыруға жататын тауарлар және осындай тауарлардың айналымына байланысты операциялар туралы мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл жасаудың **ФУНКЦИОНАЛДЫҚ СХЕМАСЫ**



одаққа мүше мемлекеттердің
уәкілетті органдары арасында
қадағалап отыруға жататын
тауарлар және осындай
тауарлардың айналымына
байланысты операциялар
туралы мәліметтер алмасуды
қамтамасыз ету" жалпы
процесін іске асыру
қағидаларына
2-ҚОСЫМША

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында қадағалап отыруға жататын тауарлар және осындай тауарлардың айналымына байланысты операциялар туралы мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында, сондай-ақ мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасында берілетін ақпараттың құрамына, құрылымына және форматына қойылатын ТАЛАПТАР

1. Осы Талаптар "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасында қадағалап отыруға жататын тауарлар және осындай тауарлардың айналымына байланысты операциялар туралы мәліметтер алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесіне қатысушылар арасында электрондық түрде берілетін ақпараттың құрамын, құрылымын және форматын айқындайды.

2. Жалпы процесті іске асыру шеңберінде ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру кезінде мынадай мәліметтер электрондық түрде беріледі:

қадағалап отыруға жататын тауарлар және осындай тауарлардың айналымына байланысты Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) тұлғалары арасында жасалатын операциялар туралы мәліметтер;

бір мүше мемлекеттің аумағынан екінші мүше мемлекеттің аумағына қадағалап отыруға жататын тауарларды өткізу алдындағы операциялар туралы мәліметтер;

2019 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінген тауарларды қадағалап отыру тетігі туралы келісімнің (бұдан әрі – Келісім) орындалуын бақылауды және мониторингті жүзеге асыруға арналған мәліметтер;

тауарларды өткізу алдындағы операциялар туралы мәліметтерге сұрау салу;

Келісімнің орындалуын бақылауды және мониторингті жүзеге асыру мақсатында мәліметтерге сұрау салу.

Мәліметтердің көрсетілген түрлері мынадай стандарттарға сәйкес XML-форматта қалыптастырылады:

Extensible Markup Language (XML) 1.0 (Fifth Edition) ("Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісінде мына мекенжай бойынша жарияланған: <http://www.w3.org/TR/REC-xml>);

Namespaces in XML ("Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісінде мына мекенжай бойынша жарияланған: <http://www.w3.org/TR/REC-xml-names>);

XML Schema Part 1: Structures и XML Schema Part 2: Datatypes ("Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісінде мына мекенжайлар бойынша жарияланған : <http://www.w3.org/TR/xmlschema-1/> және <http://www.w3.org/TR/xmlschema-2/>).

3. Берілетін мәліметтердің құрамы мен құрылымына қойылатын жалпы талаптар:

қадағалап отыруға жататын тауарлар және осындай тауарлардың айналымына байланысты мүше мемлекеттердің тұлғалары арасында жасалатын операциялар туралы мәліметтер бөлігінде - 1 – 9-кестелерде;

бір мүше мемлекеттің аумағынан екінші мүше мемлекеттің аумағына қадағалап отыруға жататын тауарларды өткізу алдындағы операциялар туралы мәліметтер бөлігінде - 2 – 4 және 10-кестелерде;

Келісімнің орындалуын бақылауды және мониторингті жүзеге асыруға арналған мәліметтер бөлігінде-11-кестеде; тауарларды өткізу алдындағы операциялар туралы мәліметтерге сұрау салу бөлігінде - 2, 8 және 12-кестелерде;

Келісімнің орындалуын бақылауды және мониторингті жүзеге асыру мақсатында мәліметтерге сұрау салу бөлігінде - 13-кестеде келтірілген.

4. 1 – 13-кестелерде мынадай жолдар (бағандар) қалыптастырылады:

"элементтің атауы" - элементтің реттік нөмірі және орныққан немесе ресми сөз белгілемесі;

"элементтің сипаттамасы" - элементтің мағынасын (семантикасын) түсіндіретін мәтін;

"ескертпе" - элементтің мақсатын нақтылайтын, оны қалыптастыру (толтыру) қағидаларын айқындайтын мәтін немесе элементтің ықтимал мәндерінің сөздік сипаттамасы;

"көпт." - элементтердің көптігі (міндеттілік (опциондық) және элементтің ықтимал қайталану саны).

5. Берілетін мәліметтер элементтерінің көптігін көрсету үшін мынадай белгілер пайдаланылады:

1 - элемент міндетті, қайталауға жол берілмейді;

n - элемент міндетті, n рет қайталануға тиіс ($n > 1$);

1..* - элемент міндетті, шектеусіз қайталануы мүмкін;

n..* - элемент міндетті, кемінде n рет қайталануы тиіс ($n > 1$);

n..m-элемент міндетті, кемінде n рет және m реттен асырылмай қайталануы тиіс ($n > 1, m > n$);

0..1 - элемент опционды, қайталауға жол берілмейді;

0..* - элемент опционды, шектеусіз қайталануы мүмкін;

0..m - элемент опционды, m реттен асырылмай қайталануы мүмкін ($m > 1$).

1-кесте

Қадағалап отыруға жататын тауарлар және осындай тауарлардың айналымына байланысты Еуразиялық экономикалық одаққа мүше әртүрлі мемлекеттердің тұлғалары арасында жасалатын операциялар туралы мәліметтердің құрамы мен құрылымы

Элементтің атауы	Элементтің сипаттамасы	Ескертпе	көпт.
1. Аумағынан тауарлар өткізілетін мүше мемлекеттің коды	қадағалап отыруға жататын тауарлар аумағынан өткізілетін мүше мемлекеттің кодтық белгілемесі	Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылатын әлем елдерінің сыныптауышына (бұдан әрі – әлем елдерінің сыныптауышы) сәйкес елдің екі әріптік коды көрсетіледі	1
2. Аумағына тауарлар өткізілетін мүше мемлекеттің коды	аумағына қадағалап отыруға жататын тауарлар өткізілетін мүше мемлекеттің кодтық белгілемесі	әлем елдерінің сыныптауышына сәйкес елдің екі әріптік коды көрсетіледі	1
3. Аумағы арқылы тауарларды тасымалдау болжанатын мүше мемлекеттің коды	егер бұл аумағынан қадағалап отыруға жататын тауарлар өткізілетін мүше мемлекеттің заңнамасында көзделсе, аумағы арқылы қадағалап отыруға жататын тауарларды тасымалдау көзделетін мүше мемлекеттің не өзге мүше мемлекеттің кодтық белгілемесі	әлем елдерінің сыныптауышына сәйкес елдің екі әріптік коды көрсетіледі	0..*
4. Ілеспе құжаттың тіркеу нөмірі	ілеспе құжаттың тіркеу нөмірі	2-кестеге сәйкес көрсетіледі	1
5. Ілеспе құжаттың күні	ілеспе құжаттың күні	МЕМСТ ИСО 8601-2001 сәйкес күнді белгілеу (ұсыну шаблоны: "ЖЖЖЖ-АА-КК")	1
6. Бастапқы ілеспе құжаттың тіркеу нөмірі	бастапқы ілеспе құжаттың тіркеу нөмірі	тауарлар және олармен байланысты операциялар туралы түзетілген мәліметтер, сондай-ақ бұрын жіберілген мәліметтердің күшін жою туралы ақпарат ұсынылған жағдайда 2-кестеге сәйкес көрсетіледі	0..1

7. Бастапқы ілеспе құжаттың күні	бастапқы ілеспе құжаттың күні	МЕМСТ ИСО 8601-2001 сәйкес күнді белгілеу (ұсыну шаблоны: "ЖЖЖЖ-АА-КК") тауарлар және олармен байланысты операциялар туралы түзетілген мәліметтер, сондай-ақ бұрын жіберілген мәліметтердің күшін жою туралы ақпарат ұсынылған жағдайда көрсетіледі	0..1
8. Тауарларды иелену, пайдалану және оларға билік ету құқығын беретін тұлға туралы мәліметтер	қадағалап отыруға жататын тауарларды иеленуге, пайдалануға және оларға билік етуге өз құқығын басқа тұлғаға беретін тұлға туралы мәліметтер	3-кестеге сәйкес көрсетіледі	0..1
9. Тауарларды өткізуді жүзеге асыратын тұлға туралы мәліметтер	Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі-Комиссия) айқындаған жағдайларда осындай тауарларды өткізуге байланысты емес, бір мүше мемлекеттің аумағынан екінші мүше мемлекеттің аумағына осындай тауарларды өткізуді жүзеге асыратын тұлға туралы мәліметтер	3-кестеге сәйкес көрсетіледі	0..1
10. Тауарларды иелену, пайдалану және оларға билік ету құқығын алатын тұлға туралы мәліметтер	қадағалап отыруға жататын тауарларды иелену, пайдалану және оларға билік ету құқығын алатын тұлға туралы мәліметтер	3-кестеге сәйкес көрсетіледі	0..1
11. Тауар туралы мәліметтер	ілеспе құжатқа сәйкес көрсетілетін, қадағалап отыруға жататын тауар туралы мәліметтер	4-кестеге сәйкес көрсетіледі	1..*

2-кесте

Ілеспе құжаттың тіркеу нөмірі туралы мәліметтер

Элементтің атауы	Элементтің сипаттамасы	Ескертпе	көпт.
1. Ілеспе құжаттың тіркеу нөмірінің бірінші фasetі	қадағалап отыруға жататын тауарлар аумағынан өткізілетін мүше мемлекеттің кодтық белгілемесі	әлем елдерінің сыныптауышына сәйкес елдің екі әріптік коды көрсетіледі	1

2. Ілеспе құжаттың тіркеу нөмірінің екінші фасеті	мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес қалыптастырылатын тауарларды ұлттық қадағалап отыру жүйесі шеңберіндегі ілеспе құжаттың бірегей сәйкестендіргіші	50 символдан аспайды, төмендегі шаблондарға сәйкес келеді: Армения Республикасы үшін – [A-Z]{1}[A-Za-z0-9]{10} Беларусь Республикасы үшін – [A-Za-z0-9]{3}-[A-Za-z0-9]{13}-[0-9]{1,25} Қазақстан Республикасы үшін – ESF-[0-9]{12}-[0-9]{4}(0[1-9] 1[012])(0[1-9] 1[0-9] 2[0-9] 3[01])-[A-Za-z0-9]{8} Қырғыз Республикасы үшін – [A-Za-z0-9]{1,41} Ресей Федерациясы үшін – [A-Za-z0-9]{13}	1
---	--	--	---

3-кесте

Заңды немесе жеке тұлға туралы мәліметтер

Элементтің атауы	Элементтің сипаттамасы	Ескертпе	көпт.
1. Ел коды	субъектінің тіркелген елінің кодтық белгілемесі (әлем елдерінің сыныптауышына сәйкес көрсетіледі)	әлем елдерінің сыныптауышына сәйкес елдің екі әріптік коды көрсетіледі	1
2. Субъектінің атауы	шаруашылық жүргізуші субъектінің толық атауы немесе жеке тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)		1
3. Субъектінің қысқаша атауы	шаруашылық жүргізуші субъектінің қысқартылған атауы		0..1
4. Салық төлеушінің сәйкестендіргіші	салық төлеушіні тіркеу елінің салық төлеушілерінің тізіліміндегі субъектінің сәйкестендіргіші	сәйкестендіру коды (нөмірі): Армения Республикасы үшін-салық төлеушінің есептік нөмірі, Беларусь Республикасы үшін – төлеушінің есептік нөмірі, Қазақстан Республикасы үшін – жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес – сәйкестендіру нөмірі, Қырғыз Республикасы	0..1

		және Ресей Федерациясы үшін - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі	
5. Есепке қою себебінің коды	субъектіні Ресей Федерациясында салық есебіне қою себебін сәйкестендіретін код		0..1
6. Жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтер	жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтер	5-кестеге сәйкес көрсетіледі	0..1
7. Мекенжай	тұлғаның мекенжайы туралы мәліметтерді қамтиды	6-кестеге сәйкес көрсетіледі	1..*
8. Байланыс деректемесі	тұлғаның байланыс деректемелері туралы мәліметтерді қамтиды	7-кестеге сәйкес көрсетіледі	0..*

4-кесте

Тауар туралы мәліметтер

Элементтің атауы	Элементтің сипаттамасы	Ескертпе	көпт.
1. 1. Тауардың реттік нөмірі	ілеспе құжатқа сәйкес қадағалап отыруға жататын тауардың реттік нөмірі		1
2. Тауардың ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша коды	Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес қадағалап отыруға жататын тауардың кодтық белгілемесі	шаблонға сәйкес келуі керек: \d{10}	1
3. Тауардың атауы	ілеспе құжатқа сәйкес қадағалап отыруға жататын тауардың атауы		1
4. Тауардың саны	ілеспе құжатта пайдаланылатын өлшем бірлігінде көрсетілген, қадағалап отыруға жататын тауардың саны	егер тауардың саны қадағалап отыруға жататын тауарлар тізбесінде көзделген тауардың сандық өлшем бірлігінде көрсетілсе, көрсетілмеуі мүмкін	0..1
а) өлшем бірлігі	қадағалап отыруға жататын тауарға қатысты	Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 27 қазандағы № 145 шешімімен бекітілген өлшем бірліктерінің сыныптауышына және Еуразиялық	1

	ілеспе құжатта пайдаланылатын өлшем бірлігі	экономикалық одақ шотына сәйкес өлшем бірлігінің коды көрсетіледі	
5. Қадағалап отыру мақсаттары үшін тауардың саны	ілеспе құжатта, қадағалап отыруға жататын тауарлардың тізбесінде көзделген тауардың сандық өлшем бірлігінде көрсетілген қадағалап отыруға жататын тауардың саны		1
а) өлшем бірлігі	тізбеде көзделген қадағалап отыруға жататын тауардың сандық өлшем бірлігінің кодтық белгілемесі	Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 27 қазандағы № 145 шешімімен бекітілген өлшем бірліктерінің сыныптауышына және Еуразиялық экономикалық одақ шотына сәйкес өлшем бірлігінің коды көрсетіледі	1
6. Тауар бірлігіне түсірілген сәйкестендіру нөмірлері	қадағалап отыруға жататын тауар бірлігіне түсірілген сәйкестендіру нөмірлері		0..*
7. Тауарларға арналған декларацияның тіркеу нөмірі	тауарларға арналған декларацияның тіркеу нөмірі, оған сәйкес қадағалап отыруға жататын тауарлар ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен орналастырылған	Келісімнің 2-бабы 2-тармағының 1-тармақшасында көрсетілген қадағалап отыруға жататын тауарларға қатысты көрсетіледі 8-кестеге сәйкес көрсетіледі	0..1
8. Тауарларға арналған декларациядағы тауардың реттік нөмірі	тауарларға арналған декларацияға сәйкес қадағалап отыруға жататын тауардың реттік нөмірі	Келісімнің 2-бабы 2-тармағының 1-тармақшасында көрсетілген қадағалап отыруға жататын тауарларға қатысты көрсетіледі, шаблонына сәйкес келуі тиіс:\d {3}	0..1
9. Тауарларға декларация берілгенге дейін тауарларды шығару туралы өтініштің тіркеу нөмірі	қадағалап отыруға жататын тауарлар ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларға арналған декларация берілгенге дейін тауарларды шығару	Келісімнің 2-бабы 2-тармағының 1-тармақшасында көрсетілген қадағалап отыруға жататын	0..1

	туралы өтініштің тіркеу нөмірі	тауарларға қатысты көрсетіледі 8-кестеге сәйкес көрсетіледі	
